

**Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы орта мектебінің  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының  
ХАТТАМАСЫ №2**

Отілген күні: 19.12.22 ж.

**Катысқандар:** Қамқоршылық кеңес құрамы, мектеп директоры, ДТІЖО, ата-аналар

**Күн тәртібі**

1. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға демеушілерден келген көмек қаржысын бөлінуін қарастыру.

2. Көмек қажет ететін отбасыларды бақылау.

**1.1. Тыңдалды:** Калкенова Динара Каириденовна - Қамқоршылық кеңес төрайымы.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға демеушілерден келген көмек қаржысын бөлінуін қарастыру. Ауылымызда шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер саны жетерлік, сондықтан осы адамдармен жұмыс жасап, көмек күрсетуін сұрауымыз керек. Жаңа жылға аз қалды, бүгіннен бастап демеушілерден сұрастырыңыздар.

**1.2. Тыңдалды:** Азылбекова Г.Н. - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Дұрыс айтасыздар. Жаңа жыл болсын, қандай да мереке болсын қол ұшын созып, көмегімізді аямау керекпіз. Себебі, балалар біздің болашағымыз. Олардың бақытты балалық шақта өсуіне өз үлесімізді қосамыз.

**2.1. Тыңдалды:** Ахметов Жаңбыrbай Елдесович - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Биылғы оку жылында көмек қажет ететін отбасылар жоқ. Азқамтылған отбасы біреу, онда бір оқушы бар. Ол 3 сыныпта оқөиды. Сол оқушыға демеушілік көрсетіп, назардан тыс қалдырмауымыз керек. Өз атынан оқушыларға Жаңа жыл мерекесін тойлауға ақшалай көмек көрсетемін.

**2.2. Тыңдалды:** Акжан Айдана Нурлановна - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Қамқоршылық кеңесі әрдайым көмек көрсетеді. Демеушілермен жұмыс жасап, әр мерекеде қол ұшын созып, мектеп әкімшілігіне көмектерін аямайды. Мен осы кеңестің мүшесі болғаным ризамын. Мен де демеушілермен сөйлесіп, бірлесе жұмыс атқарудамын. Осы жолы «Ахмет», «Арман-М», «Атамекен», «Бейбіт», «Ерсін», «Нариман!», «Ислам» шаруа қожалықтары әрқашан мектепке көмектеседі. Сонымен қатар «Байманов», «Айдос» жеке кәсіпкерлер де үнемі қол ұшын созып отырады.

**Қаулы:**

1. Жаңа жыл мерекесіне қаржы есептеліп, оқушыларға тәттілер берілсін.

2. Жаңа жыл мерекесіне тәттілердің барша оқушыларға берілуін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахметоваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

Д.К.Калкенова

Г.К.Садвакасова

Г.Н.Азылбекова

А.Н.Акжан

Б.Т.Даирбеков

Б.М.Матаева

М.К.Каппасова

Н.М.Байманова

Ж.Е.Ахметов

Т.Т.Ибраев